



# АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

[www.akikatkaz.kz](http://www.akikatkaz.kz)



[www.facebook.com/akikatkaz](http://www.facebook.com/akikatkaz)



[www.twitter.com/akikatgz](http://www.twitter.com/akikatgz)

[akikat1921@mail.ru](mailto:akikat1921@mail.ru)



Бати́ма ЗӘУІРБЕКОВА  
“Ана мен бала”

№3 • 2015





Серік ЕРҒАЛИ,  
«Тұран-Астана» университетінің  
магистранты

Наурыздың туындауы мен оның мәнін зерттеу үшін, оны құрайтын көріністер мен атрибуттарды қалпына келтіріп, зерделеген жөн. Осы жағынан қарағанда, Наурызды он екі мүшелдік түркілік күнтізбеден тыс қарау мүмкін емес. Өйткені, 90 күндік қыс шығатын 14 наурыз (бұрынғыша - 1 наурыз) күні ескі жылды шығарып, елдің батысындағы қазақтар бір-біріне «Жыл құтты болсын!» айтады, парсыша (хамал) ай атымен жаңғырған наурызды «Амал туды» деп көрісіп (көкірек жанастыру рәсімі) жатады. Мұндағы наурыз айының «амал», «көкек» секілді түрлі нұсқада аталуы қазақ халқының тарихындағы алуан саяси-идеологиялық қабаттар мен сыйымдарды (слои) білдіреді. Алайда, айдың мазмұны өзгерусіз жаңа жылдың басы ретінде мындаған жылдар бойы ұмытылмай келуі қайран қалдырады. Соған қарағанда, көшегендердің түрге (атауға) емес, мазмұнға басты көңіл тоқтатуы олардың тарихи жадының айрықша сыйпағын білдірсе керек.

Бұл жәйт тәңірлік танымды паш еткен Уақытқа да қатысты. Түркілік күнтізбені зерттеуші ретінде Әсия Махамбетованың мына пікірінде («Наука и образование Казахстана», №2, 2008г., «Таинственный мушель») мол мән бар: «Тенгрианское время – это Вечность, которую рядом чисел измерить невозможно. Поэтому в мушеле нет самого привычного признака всех других календарей – нумерации годов. Годы обозначены не нумеративами, а именами животных в сочетании с цветовой символикой. Это система нечислового

## НАУРЫЗ бен түркілік КҮНТІЗБЕ

*пространственно-кругового упорядочения времени, опирающаяся на образное правополушарное мышление, - свидетельство глубокой древности календаря...*

*...Время мушеля не имеет ни начало, ни конца, его концы – это всегда начало новых циклов. Начало круга мушеля с годы мыши – это конвенциональный вариант тюркских народов, у калмыков первый год – год барса...*

*... Круглое пространство неоднородно, оно состоит из множества иерархически соподчиненных циклов. Круглое пространство юрты было поделено на 12 сегментов, а сутки поделены на 12 часов, и то и другое носит название одного из животных. Часы суток образуют малый животный цикл, слытый предметно с пространственным представлением – кругом юрты...*

Наурызды ежелгі түркілік он екі мүшелдік күнтізбеге қатыстыз қарай алмаймыз. Бұл мерекелік рәсім аталған дүниетанымға негізделген Уақыт пен Кеңістікті әмбебап он екі мүшелдік жүйеге жіктеудің бір көрінісі. Бұл жүйе бойынша адам мен айуанның денесінің он екі мүшеден тұруы ғаламдық құрылымның он екілік жүйесінен алынған. Бұл – кеңістің ағза түріндегі он екілік мүшеге жіктелуі болса, соған сәйкес уақыт та астрологиялық, астрономиялық жағынан он екі ай мен он екі жылдық мүшелге жіктелетіндігі әйгіленген. Тіпті, он екі мү-





шелдік айналымның өзі ғарыштық он екі мүшені айғақтайтын айуандардың бейнесі ретінде қолданыса түскен, ал, отырықшы өркениеттің атрибуты саналатын өсімдік пен минералтекті нәрселерге орын қалмаған. Жалпы, скиф-сақтардың «айуандық стилі» көшегендердің зергерлік, мүсін өнеріндегі жан-жануарға деген ерекше құрметтері ғана емес, ол – ең алдымен олардың дүниетанымдық мәдени көрінісінің мәйегі. «Айуандық стиль» өзінің шығу тегі бойынша терімші-егінші-отырықшы жұрттарға емес, аңшы-малшы-көшегендерге ғана тән құбылыс! Ал, мүшелдік күнтізбеге арқау болған айуандық бейнеленім болса, бұл – олардың дүниетанымдық көрінісінің өмірге тығыз енгізілу дәйегі, бейнелеу өнеріндегі олардың дүниетанымдық параллелі. Міне, Наурыздың мәні де – осы айуандық бейнеленім түріндегі табиғи, ғарыштық құбылысты дәріптеу, танымды паш ету. Сайып келгенде, Наурыз – түркілік он екі мүшелдік күнтізбенің жоралғылық нұсқасы болып шығады. Сақтардың «айуан» стилімен берілген екі басты сақинаның дәстүрге айналуы Уақыттың соңының жоқтығын дәріптесе керек.

Жоғарыда қарастырылған тарихи «Наурызнамалар» шынтуайтына келгенде, түркілік күнтізбеге негізделген Уақыттың бөлшектері ғана. Отырықшы жұрттарды басқарған әрбір билеуші өз дәуірін паш ету арқылы Наурызды түрлі идеологиялық құрсауда ұстаса, көшегендерде ол бай рәсімдер мен жоралғыларды жүзеге асыру арқылы мүшелдік күнтізбе паш ету тетігіне айналып, идеологияның құрбаны емес, негізін құраған. Сондықтан да Ә.Махамбетованың *«Гипотезы Фабр д,Оливе и В. Ларичева позволяють предполагать, что возраст мущелеля гораздо старше пяти тысяч лет»*, – деген уәжіне иек арта отырып, Наурызды да мыңдаған жылдық түркілік күнтізбенің бас жоралғысы ретінде мойындауға мәжбүрміз. Наурыздың мереке ретіндегі қалыптасуы оны тұтынған елдің күнтізбелік есебіне де өз түзетімін енгізіп отырған сынайы бар. Алайда, ол күнтізбе отырықшы елдерде тұрмыстық жағдай мен саяси ахуалға байланысты құбылып отырған. Али Акбар Деххудо, *«Навруз»: «Древние иранцы, еще до Сасанидов и до создания первой части Авесты, ежегодно праздновали Навруз в начале*

*весны и начале первого месяца иранского солнечного календаря. В эпоху Сасанидов дата проведения праздника с продвижением года изменилась, и не было точной даты (в начале месяца фарвардин). Наоборот, он также, как и мусульманские праздники (которые приняли иранцы), проводился в разное время года»*. Десек те, Наурыздың мерекеленуі саясатқа қарай уақыт өзгерткенімен, негізгі мерзімі көктемгі маусым болып қала беруге әлдебір қасиетті дәйек болғандай. Омар Хайям, *«Науруз-наме»* (Аударған – Клара Серікбаева): *«Фарвардин айы – пехлеви тілінен келген сөз, өсімдіктердің өсіп-өне бастаған уақытын білдіреді. Бұл ай Тоқты шоқжұлдызына жатады. Айдың басынан аяғына дейін Күн осы жұлдыз шоғырынан табылады»*.

Кәзіргі дәстүрге салсақ, жаңа (жас) жыл қыста кіреді, ал, қазақ ұғымы бойынша қыста «кәрі құда келіп әлек салады». Абай мұны айтқанда, қазақтың ғана емес кемінде бес мыңжылдық тегі бар танымға сүйеніп отыр. Ата қазақ жылды рухани-пәлсәпәлік жағынан бір біріне қарсы екі маусымға – қыс пен жазға бөлгенімен, тіршілік маусымын 4-ке жіктеген: жазғытұрым (көктем), жаз, күз, қыс. Бұған қоса, қазақтан (түркіден) басқа ешбір этноста Табиғаттың жыл маусымдарына қарай болатын құбылыстарын сыйпаттайтын атау жокқа тән: қыста Табиғат «қысылады»; жазда – «жазылады»; күзде – «күзеледі», ал, көктемде – «көктейді»!!! Әрбір жыл маусымы – 90 күннен тұрады, қалған бес күн «қонақ» аталған. Күні бүгінге дейін елдің батыс аймағы 90 күн қыспен 13-наурызда қоштасып, Наурыз мерекесін қарсы алып келеді. Мұның мәні – 14-наурыздан бастап Көктем маусымы кіретінін және ол жаңа жылдың басы екенін мойындаудан шыққан. Бір қызығы, қазақ халқында Наурыздың көктемгі Күн мен Түннің теңелісіне қатысы байқалмайды. Жалпы, біздің халықта Наурыз мерекесі жоғарыда аталған датаға орай қыстың шығуы мен жылдың жаңарысына қатысты ғана аталып өтеді. Бұл жайтты Авеста жазбаларында да, «Наурызнамалардан» да байқамадық. Ал, Наурызға көктемгі Күн мен Түннің теңелісінің қатысы бары елде ресми түрде мереке болып танылғалы ғана таңылғанын



ескерген жөн болар.

Наурыз қашан пайда болды деген сауалға, әрине, нақты жауап беру қиын. Алайда, Адам баласы Уақытты есептеу мен бағалай білгеннен бастап, бейнелі ойлау қабілеті туған сәттен Наурызды мерекелеу қажеттігі туылған болар. Біз қарастырып отырған осы жайт бұдан 5-6 мың жыл бұрынғы, Алматының солтүс-батысындағы 170 шм жердегі Анырақай тауындағы жартаста қашалған ежелгі суреттерде бейнеленген. Онда жер бетілік мақұлықтардан бірнеше есе ірі екі тұлға бейнеленіпті: оң жағында күндидарлы адам-кейіпті киелі тұлға бері қарап тұр, бұл «Тәңір» аталып жүрген жарқын күш, оның сол жағында әрі қарап, түндидарлы сайтан кейіпті – Ыңыр (Іңір – бұл қазақтарда күн батқаннан кейінгі кеш түскен уақытты білдіретін ұғым түрінде қалған); олардың ортасында сағат тіліне қарсы бағыт бойынша Сыыр жылының 4 маусымы бейнеленген: жаңа туған бұзау, оның үстін ала баспақ жайылып тұр, ал оның сол жағында семіз де мүйізі қарағайдай ірі бұқа Тәңірге қарап тұр да, оның астын ала мүйізі түскен, ауру да көтерем сыыр тәлтіректеп тұр. Бұл сәйкес түрде бейнеленген жылдың төрт мезгілі – көктем, жаз, күз және қыс. Бұлардың бөрінің астында түрлі айуан бейнесіндегі он екі адам (кие) билеп жүр. Бұл – ежелгі Наурыз мерекесі – сыыр жылының наурызын мейрамдау емей немене?!

Бұл қашама сурет – бұған дейін беймәлім болған Наурыз бен он екі мүшелік түркілік күнтізбенің тығыз қатынасын әйгілеп тұрғанымен құнды. Сондай-ақ, ежелгі «Жаңа жылдың» басы неге көктем болғандығы да осыдан түсінікті, өйткені, көктем бітік суреттегідей жылдың балан

кезеңі еді! Жоғарыдағы қыстың кейіпін көрсетіп тұрған көтерем сыыр Жылдың қартайған, өлер шағын да көрсетіп тұр: бар жоғалады, Кеңістік қысылады. Демек, қазақ танымындағы Қыстың кәрі бейнесі о бастан келетін дәйекке негізделген. Ендеше, кәрі қыста Жылдың туылуын мерекелеуімізге жол болсын!..

Қыс – Жылдың өлер шағы, бұл аталық пайымды қазақтың «Соғым» рәсімінен көреміз. Әдетте жай ғана тұрмыстық сыйпаты болғанымен, бұл этнографиялық қана құндылық емес, қазақтардың дүниетанымдық, космогониялық танымының тұрмыстық деңгеймен ұштасуы болып табылады. Әдетте, соғымға ірі мал сою рәсімі желтоқсан айынан басталады. Желтоқсанның он төртінен басталатын тоқсан күн қысқа соғым сойып әзірленетін әрбір қазақ отауы сойылған мал етін он екі мүшеге жіліктейді, боршалайды, тұздайды, сорықтырып кептіреді де қысқа сақтайды. Ал, Таңбалыда қашалған күздік семіз мүйізі қарағайдай өгіздің Құрбан-соғым ретінде дайындығын байқау қиын емес. «Жіліктеме» рәсімі бойынша кедейлер бір малды он екі жілікке шақтап жіктейді де, өзара жеребе тастап, бөліске салады. Қысқасы, ірі малдың сойылуы тек қана қысқы күйбінге әзірлік емес, мұнымен бірге «Жылдық құрбандық» рәсімі атқарылған ежелгі жоралғының болғандығын хабарлап тұр. Шын мәнінде, малдың етін он екі емес, мәселен жетіге, тоғызға, тіпті, жиырмаға да бөлуге болар еді ғой?! Малда он екі ғана емес, одан да көп жілік пен сүйек бар емес пе?! Неге он екі жілікке жіктеледі? Мәселе – Жылдың он екі айының болатындығында, ал дәуірдің он екі жылға жіктеліп, бір мүше құрайтындығында, аспан әлемінің он екі шоқжұлдыздық құрылымында! Осы танымнан келіп, малдың мүшесі Жылдың мүшеліне шендестіріліп, Соғым рәсімі дүниеге келтірілген. Соғым бір жағынан өткен жылға арналған құрмет ретінде оның он екі айына арналған дәм татуы ырымы болса, әуелде ескі Жылды шығарып салуға арналған құрбандық жоралғысы болар. Басқа жағынан алғанда, Соғым Наурызда туған Жыл кейіпінің о дүниелік болу ғұрпы да болуы керек, себебі, ол өзіне тиесілі жылдық мүшелін аяқтап, Жаңа жылға орын босатқаны жөн ғой. Сөйтіп, жылдық киенің



Таңбалы. Анырақай тауы. Алматының солтүс-батысы.



кейіп бір жағынан ғаламдық ұлы Құдіретке соғым-құрбан болады да, өзінің мәңгі жайлы орнына аттанып, бүдүниеліктерді ескі жыл ретінде есіркейді. Міне, осылайша соңғы үш ай бойы «өлім» үдерісін бастан кешкен Жыл, қыста аппақ әруақ-қарға айналып келмеске кетеді де, оның аласапыранынан (топансуынан) Наурызда жасыл шөп немесе жас төл ретінде Жаңа Уақыт (Жыл) туылады. Сондықтан, қазақтар «өлген» жылдан аман құтылғандарына, Жылдың жаңа «туылғанына» Наурыз («Ну ыр ыс» – бүгінгі таным бойынша: жас(ыл) ірі іс) рәсімін жасап, бір бірін құттықтайды. Бұл – Жылға да, Күнге де, Тәңірге де табыну емес, Жаратқанның берген ғұмырлық мұрасына деген құрмет, Ғаламмен сыйласу, Ғарышпен ымыраласу ғана! Ғаламдық алым-берім заңына мойын ұсыну! Ғұмыр кешкен әрбір сәттің қадырын бағалау, сол мүмкіндікті берген Ұлы Құдіретке деген алғыс рәсімі. Себебі, бұл сәт шынында да, Ғаламдық айналыстың жігі де, бір жылдық мүшелдің басы – жаңа ірі ғаламдық Іс! Сол себепті де, өткен Ескі жылды есіркеп, үш ай бойы Соғыммен шығарып салып қоймай, оның жақсы жалғасын алдағы жылға жалғау ырымын жасап, оған жасалған құрбан-соғымнан қалған сүр етті Наурыз көжеге қосады. Бұл – жылдық (он екі айлық) мүшелді дәуірлік (он екі жылдық) мүшелге ұластыру мен уақыттық айналым нышанын паш ету ғұрпы. Бұл – Уақыт айналымын мадақтау, рухани әрі имандық бастау, оның тоқтамауын тілеу. **Десек те, басы ашылмай отырған адамзаттық жаңажылдық рәсімдік парадоксқа айналған бір жайт бар, ол: түркілердің де танымында орын алған, бүгінде қайшылық пен түсінбестік туғызып отырған жылдық Уақыт шебі-**

нің (Жыл басының) көктемдегі Күн-Түн теңелісінде болғандығы ма, әлде күздегі Түннің тоқырап, Күннің күш алуына сай келетін сәт пе?! Тарихшы Мұрад Аджидың («Кипчаки» кітабы, «Праздник ели») дәйегі бойынша: *«Праздник ели наступал в самый разгар зимы - 25 декабря. Тогда день побеждал ночь. И солнце чуть дольше прежнего оставалось над землей. Люди молились Ульгеню, благодарили его за возвращенное солнце. А чтобы молитва была услышана, украшали ель – любимое дерево Ульгена. Ее приносили в дом, к ветвям привязывали яркие ленточки, рядом складывали подарки. Всю ночь веселились по случаю победы солнца над тьмой. Всю ночь приговаривали: «Корачун, Корачун». Праздник так и назывался Корачун - на древнетюркском языке это слово означало «пусть убывает»...»* Аталмыш дәйек бүгінгі еврожанажылдық рәсімді ғана емес, көптеген пайғамбарлардың «туылған күнін» белгілеуге де қатысы бар екені сөзге тиек бола бастады. Белгілі бір рәсімдер мен жоралғылардың, атрибуттардың екі мерекеге де қатысы барын жоққа шығара алмаймыз. Алайда, ежелгі заманғы қалпы бойынша екі рәсім де түркілерге тиісті болуына шәк келтіру қиындау және оның екеуінің де өз орны болғандығы айқын.

Жоғарыдағы дәйектерді қорыта келе, Наурыз рәсіміндегі түркілік сыйпаттың аз еместігіне көздің көбірек жететінін жасыру қиын. Дұрысы, Наурыз мерекесінің Тұран мен Иран аталатын мемлекеттік құрылымдар пайда болғанға дейін, тіпті, түркі мен парсы жұрттарының аражігі ашылғанға дейін пайда болып, қалыптасқандығын жоққа шығару мүмкін болмас.

Ақ қоян жылының күнтізбесі Жылдың әр маусымы шамамен 90 күнге созылады.

#### КӨКТЕМ – 2011

	НАУРЫЗ			СӘУІР					МАМЫР					
Дү	14	21	28		4	11	18	25		2	9	16	23	30
Се	15	22	29		5	12	19	26		3	10	17	24	31
Сә	16	23	30		6	13	20	27		4	11	18	25	
Бе	17	24	31		7	14	21	28		5	12	19	26	
Жұ	18	25		1	8	15	22	29		6	13	20	27	
Сн	19	26		2	9	16	23	30		7	14	21	28	
Же	20	27		3	10	17	24		1	8	15	22	29	



## ЖАЗ – 2011

	МАУСЫМ			ШІЛДЕ					ТАМЫЗ				
Дү		20	27		4	11	18	25	1	8	15	22	29
Се		21	28		5	12	19	26	2	9	16	23	30
Сә	15	22	29		6	13	20	27	3	10	17	24	31
Бе	16	23	30		7	14	21	28	4	11	18	25	
Жү	17	24		1	8	15	22	29	5	12	19	26	
Сн	18	25		2	9	16	23	30	6	13	20	27	
Же	19	26		3	10	17	24	31	7	14	21	28	

## ҚҰЗ – 2011

	ҚЫРҒҮЙЕК			ҚАЗАН					ҚАРАША					
Дү		19	26		3	10	17	24	31		7	14	21	28
Се		20	27		4	11	18	25		1	8	15	22	29
Сә		21	28		5	12	19	26		2	9	16	23	30
Бе	15	22	29		6	13	20	27		3	10	17	24	
Жү	16	23	30		7	14	21	28		4	11	18	25	
Сн	17	24		1	8	15	22	29		5	12	19	26	
Же	18	25		2	9	16	23	30		6	13	20	27	

## ҚЫС – 2012

	ЖЕЛТОҚСАН (2011)			ҚАҢТАР (2012)					АҚПАҢ (2012)					
Дү		19	26		2	9	16	23	30		6	13	20	27
Се		20	27		3	10	17	24	31		7	14	21	28
Сә	14	21	28		4	11	18	25		1	8	15	22	29
Бе	15	22	29		5	12	19	26		2	9	16	23	
Жү	16	23	30		6	13	20	27		3	10	17	24	
Сн	17	24	31		7	14	21	28		4	11	18	25	
Же	18	25		1	8	15	22	29		5	12	19	26	

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақ әлемі», Акселеу Сейдімбек, «Санат», 1997.
2. «Магия Навруза», Сафар Абдулло, Алматы, «Дайк-пресс», 2007 – 324 с.
3. «Ит дүние. Нұх, Наурыз тарихы», Мәшһүр Жүсіп, Алматы, 2008.
4. «Древнепюрокский фольклор: истоки и становление», Е.Д.Турсунов, «Дайк-пресс», 2001.
5. «Қазақ даласы және герман тәңірлері», Серікбол Қондыбай, «Саға» баспасы, 2006.
6. «Арғықазақ мифологиясы», төрттомдық, Серікбол Қондыбай.
7. «Кипчаки.Огузы.», Мурад Аджи, «Типография «Новости»», Москва, 2001.
8. «Кипчаки», Мурад Аджи, Международный благотворительный фонд «Святой Георгий», 1999.
9. «Арқаим – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками», А.К.Нарымбаева, 2007.
10. «Наука и образование Казахстана», №2, 2008г., Асия Махамбетова, «Таинственный мушель».
11. «Наскальные изображения Южного Казахстана», Ренато Сала, Жан-Марк Деом, 2005.